

Баймолдина К.К. *
 Баймолдина К.К. *
 Баймолдина К.К. *

Баймолдина К.К. *
 Баймолдина К.К. *
 Баймолдина К.К. *

Баймолдина К.К. *
 Баймолдина К.К. *
 Баймолдина К.К. *

«ӨНЕРЛІ ЕКЕН ОН САУСАҚ» оқу іс-әретінің
перспективтік жоспары.

«Балдаурен» тобы 2023-2024 оқу жылы

«Балдаурен» тобы 2023-2024 оқу жылы

Түсіндірме хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

- Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

«Өнерлі екен он саусақ» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.
- Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.
- Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

- Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.
- Шығармашылық қабілеттері шындалады.
- Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Журнал «Коллекция идей» №1 2006 жыл
2. Құрастыру және қол еңбегі. Алматы кітап 2007 жыл.
- 3 Бейнелеу өнері. Дидактикалық құрал. Алматы кітап 2009 жыл.
5. Мүсіндеу. Жұмыс дәптер. Арман-ПВ 2011 жыл.
6. Журнал «Балақан» №5 2011 жыл.
7. Журнал «Айгөлек» №9 2012 жыл.

Вариативтік компонент
«Өнерлі екен он саусақ» оқу іс – әрекетінің перспективтік жоспары.
«Балдаурен » тобы 2023 – 2024 оқу жылы.
Аптасына 0,5 сағат, барлығы 18 сағат

р/ с	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Қолданылатын көрнекіліктер	Сағат саны
1	Бақа бүктеу	Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.	Тақырыптық суреттер	1
2	Балықтар. мүсіндеу	Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1
3	Орманда қол еңбегі	Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.	Сюжетті суреттер	1
4	Көлде жүзген аққу мүсіндеу	Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1
5	Қайықша. бүктеу	Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.	Қайықшаның суреті	1
6	Қонжық (қол еңбегі)	Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.	Қонжықтың суреті.	1
7	Досыма сыйлық Мүсіндеу1	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету.	Сюжетті сурет, ермексаз.	1
8	Қысқы киім . қол еңбегі	Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату	Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы, желім.	1
9	Үйрек Мүсіндеу	Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1
10	Тасбақаның суретін салып үйренеміз	Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.	Тақырыптық суреттер	1

	сурет салу			
11	Түймедақ бүктеу	Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.	Тақырыптық суреттер	1
12	Қаздың балапаны қол еңбегі	Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.	Әңгіме желісі бойынша суреттер	1
13	Құстар (сурет салу)	Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	Құстардың суреттері.	1
14	Гүлдер әлемі сурет	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу	Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қағаз.	1
15	Жайлауда (қол еңбегі)	Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.	Сюжетті суреттер.	1
16	Шалғын шөптер (жапсыру)	Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.	Сюжетті суреттер.	1
17	«Алқаптағы гүлдер» Жапсыру	«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.	Алқаптағы гүлдердің суреттері	
18	Жаңбыр (саусақпен сурет салу)	Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу.	Көрнекі суреттер	1

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Бақа

Мақсаты: Бақа туралы тақпақтар жаттау және ертегі оқып беру. Бақаның түрлерімен таныстыру. Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: бақа-лягушка

Сөздік жұмыс: бақа

Көрнекіліктер: Бақаның суреті, түрлі қағаздар.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Өтеш пен Бақа» туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Отырған аппақ бір қоян, Неткен сапсақ бұл қоян. Құлақтары делеңде, Әр дыбысқа елеңдеп. Қоян жаурап суықта, Отырсың не күзетіп, Аяқтарың сіресіп, Табаныңнан сыз өтіп Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Жұмбақ: Таңдайлары тақылдап, Шулайтын кім шалшықта. Бірін-бірі мақұлдап. (Бақа) -Бақа туралы кім тақпақ біледі? - Бақаның қандай түрлерін	Өлең жолдарын қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	білесіңдер? - Бақа қайда мекен етеді? -Бақаның түсі қандай? -Пішіні қандай? Бүктеу әдіс-тәсілі арқылы жасыл қағаздан бақаны жасаймыз. Үшбұрыш пішінге келтіріп бүктеп алыңдар. Басы, көзін домалақ пішінге келтіріңдер. і Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Бақа, бақа, балпақ Басың неге жалпақ. Темір телпеккөп киіп, Басым содан жалпақ. Бақа, бақа, балпақ Көзің неге тостақ, Көрінгенге көп қарап, Көзім содан тостақ. Бақа, бақа балпақ, Бұтың неге талтақ, Су ішінде көп жүзіп Бұтым содан талтақ. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалардың жауаптары тыңдалады. Жұмыстың орындалу барысымен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: бақа туралы тақпақ, жұмбақтар;

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып бақаны жасауды;

Нені біледі: жұмыстың орындалу барысын.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Балықтар

Мақсаты: кесек ермексайдан созу арқылы мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; Өртүрлі әдіс-тәсілдермен балықтың сыртын безендіру; мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; бейненің сипатын аша білуге бағыт беру; ұқыпты жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.

Билингвалды компонент: балық-рыба

Сөздік жұмыс: сазан, бекіре, кит, дельфин, акула.

Керекті құралдар мен материалдар: Аквариумдағы балықтар, өртүрлі балықтардың суреттері, ермексайд, тақтайша, таяқша, қолорамал т.б.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Сюжеттік суреттер, үлестірмелі материалдармен жұмыс жасату.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Күндей жылы Доптай көңілді Жүзіктей әдемі Алмадай тәтті бол! Жыл мезгілдеріне тоқталып өту. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райына бақылау. Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. - Балықтар қайда өмір сүреді? - Олар су түбінде немен қоректенеді? - Балықтың қандай түрлерін білесіңдер? Балалар барлығың келіндерші аквариумдағы балықтардың қасына. Енді дене құрылысындағы ерекшеліктерге назар аударайық. Сендер балықтың қандай түрін мүсіндегілерің келеді? Мен сендерге жұмыстың орындалу ретін түсіндіріп өтемін, мұқият тыңдаңдар.	Сәлемдеседі. Қойылған сұрақтарға толық жауап береді? Білетін балық түрлерін айтады. Балалар балықтың қандай түрін мүсіндегісі

	. Созу тәсілімен балықтың жүзбеқанаттары мен құйрығын қалай шығарып алуға болатынын айту. Көк түсті ермексаз кесегін жұмсартып аламыз. Ермексазды домалақтап алып, аздап жаншып, жалпайтамыз. Созу тәсілін пайдаланып, жіңішке ширатпалар мен домалақтар жасап аламыз. Балықтың дене бөлігін шиыртпалар және домалақтармен әшекейлейміз. Көздерін мүсіндеп алып, бас бөлігіне бекітеміз. Таяқшаның көмегімен аузын белгілейміз. Сергіту сәті: Көлдің беті кілегей, Жер сап-сары бірегей. Тырау-тырау тырналар Түстікке бетті бұрды олар. Қара суық жел есті, Күннің көзі көмескі. Ал, енді әдемі балықтарды мүсіндейміз. Істеріңе сәттілік тілеймін.	келетінін өздері анықтайды. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Өлең жолдарын пайдаланып, сергіту жаттығуын орындайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытындылау: Балалардың жасаған жұмыстарын бірге талқылау және шағын көрме ұйымдастыру.	Бірге талқылайды, шағын көрме ұйымдастырады..

Күтілетін нәтиже: Балықты мүсіндеу;

Нені білу керек: балықты мүсіндеудің орындалу тәсілін;

Нені игерді: ұқсатып жасауға дағдыландыру;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы
Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Орманда

Мақсаты: Балаларға орман туралы әңгімелеу балалардың ынта – ықыласын

арттыру, көтеріңкі көңіл – күй туындату.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Сөздік жұмыс: Орман

Билингвальды компонент: күз мезгілі – осенний сезон, жаз мезгілі – летний сезон көктем мезгілі – весенний сезон.

Қолданатын көрнекі құралдар: орман суреттері.желім, қайшы, қағаз.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын ала суретпен жұмыс жүргізу.	Балалар назарын аударыды
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой Сәлем дейік үлкенге Қосылып бірге айту Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды орманның суреттерімен таныстыру. Орман жылдың 4 мезгілінде қалай өзгеріп тұрады? 1. Суретте орманның көктем мезгіліндегі уақыты 2. Суретте орманның жаз мезгіліндегі уақыты 3. Суретте орманның күз мезгіліндегі уақыты 4. Суретте орманның қыс мезгіліндегі уақыты. Осы орман суреттерінің айырмашылығын анықтап,	Шеңберге тұрады Балалар жауап береді Балалар мұқият тыңдайды Суреттерге мұқият, зейін қойып қарайды.

	түсіндіру. Жазда көк, көктемде көк, күзде сары түске, қыста аппақ түске айналатынын білдік. Енді осы орманды қағазға түрлі – түсті қағаздармен орманның бейнесін жапсырамыз. Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп – теріп алайық, Қалтамызға салайық. Балалардың жапсырған суреттерін тәрбиеші мұқият қарап, көмек керектеріне, көмектесіп, басқа балаларды мадақтайды	Тапсырманы қызығушылықпен орындайды Қимыл іс – әрекеттермен орындайды. Балалар қуануда
Рефлексиялық түзетушілік	- Орман дегенімізді қалай түсінеміз? - Төрт мезгілді атаңдар? - Жыл мезгілінде дала қандай түске бөленеді? - Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар!	Балалар сұраққа жауап береді Көрме ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Жылдың төрт мезгілге бөлінетінін

Нені игерді: орман туралы ұғымды үйренді.

Нені біледі: 4 жылда орман төрт түске боялатынын

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Көлде жүзген аққу

Мақсаты: Балаларға көлде жүзетін құстар туралы әңгіме оқып беру. Тұзды камырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Билингвалды компонент: көл-озеро, аққу-лебедь

Сөздік жұмыс: аққу.

Көрнекіліктер: Аққудың суреті.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Садақша мойнын иілтіп, Көрген жанды сүйінтіп, Жүзгенде көлдің сәні өзі, Судағы құстың нәні өзі. Жердегі құстың серкесі; Көктегі құстың еркесі. (Аққу)	Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Шешуін табу, есте сақтау.

	Аққу атына заты сай. Өте аппақ құс болғандықтан, бұл құсты аққу дейміз. Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Бұл құс көлде жүзеді. Аққуды атуға болмайды. Мақал: Аққуды атпа, Досыңды сатпа. Қазір біз осы көлде жүзген аққу құсын ермексаздан мүсіндейміз. Алдымен бізге ақ түсті ермексаз керек. Ал, көлге көк түсті ермексазды қолданамыз. Жұмыстың орындалу реті түсіндіріледі. Сергіту сәті: Бір екі, үш, Жинап алып күш. Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.	Мақалды жатқа айтқызу. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.	Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді:

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қайықша

Мақсаты: Балаларға қайық туралы әңгімелеп тақпақ жаттау. Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру..

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: қайықша-катер

Сөздік жұмыс: қайықша

Көрнекіліктер: тақырыптық сурет

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Көліктер үш түрге бөлінеді. Олар: жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі. Осы көліктердің ішінен бүгін біз су көлігінің бірі қайықшамен танысамыз. -Балалар көліктердің бір түрі су көліктерін атап өтейікші? -Қайық, кеме. Соның бірі қайықты жасап көрейік.	Өлең жолдарымен кимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Шешуін табу, есте сақтау. Балалар жұмысқа

	Ал балалар, алдымыздағы қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қайықша жасаймыз. Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін. Сергіту сәті: Жаз келіпті дегенше, Алма пісті дегейсің. Бағымызда ендеше Алма тарту көбейсін. Жаз келіпті дегенше, Қарбыз пісті дегейсің, Бақшамызда ендеше Қарбыз жинау көбейсін. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	кірісіп кетеді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың жұмыстарына талдау жасау. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру. .	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: қайықшаны бүктеу әдісі арқылы жасауды;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қонжық

Мақсаты: Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Билингвалды компонент: қонжық-медвежонок

Сөздік жұмыс: қонжық

Көрнекіліктер: әңгіме желісіне сай суреттер.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Кел балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады» Күліп өмір сүрейік! Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Тәтті көрсе бас салар, Айнымайды баладан. (Аю) Балалар үйде өмір сүретін жануарлар үй дануарлары, орманда, далада өз бетімен өмір сүретін	Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды. Шешуін табу, есте сақтау Тыңдайды. Түсінбегендерін сұрайды. .

	жануарлар жабайы аңдар. Аю да жабайы аңдарға жататынын бәріміз білеміз. Аюдың баласын қалай атаймыз? Демек біз қазір аюдың баласы қонжықты әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қоңыр түсті матамен қонжықтың бейнесін жасаймыз. -қайшы алып қонжықтың бейнесін пішіп, кесіп аламыз. -ақ қағаз бетіне желіммен жапсырамыз. Сергіту сәті: Аю-маң-маң басады, Түлкі бұлаң қағады, Қасқыр ылаң салады, Қоян үркіп қашады, Күн сәулесі төгілді, Орман іші көңілді	Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытынды: Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы дайындалған жұмыстарды үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау. Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.	.Балалар жақсы жасалған жұмыстарын тақтаға үлгі ретінде іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу барысын;

Нені игерді: қонжықты пішіп, өлшеп, кесуді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Досыма сыйлық

Мақсаты: Балаларға «Достық» туралы әңгіме оқып, сұрақ-жауап арқылы білгендерін жетілдіру. Достық туралы мақал-мәтел жаттау. Мүсіндеу барысында шағын көлемді, кесек есу әдіс-тәсілдерін көрсету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: сыйлық-подарок

Сөздік жұмыс: сыйлық

Көрнекіліктер: сыйлықтың суреттері, ермексаз, тақтайша, орамал.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Достық» жайында мақал-мәтелдер жарысын өткізу.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: - Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік. Кел балалар ортаға! Қайырлы таң достарым! Достарымды көргенде! Қуана қарсы аламын! Қолымыздан ұстасып, Жылулықты алайық. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Мақал-мәтелдер: Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын.	-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін. Мақалды жатқа айтқызу.

	Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады. -Бұл мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер? -Балалар жан дос дегенді қалай түсінесіңдер? -Балалар сендердің достарың бар ма? -Достарыңа қандай сыйлық жасағанды ұнатасыңдар? Онда өздеріңе ұнаған сыйлықты ермексаздан мүсіндеп жасап, достарыңа сыйлаңдар. Сергіту сәті: Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қорғаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз.	Балалардың жауаптары. Балалар өздеріне ұнаған сыйлықтарды ермексаздан мүсіндеп жасайды. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Достық» туралы мақал-мәтелдерді;

Нені игерді: ермексазбен әр түрлі сыйлықтарды жасауды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы
Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы:Қысқы киімдер

Мақсаты:Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсініктер беру. Қысқы киімдерді ажырата білуге үйрету. Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, ойлау қабілеттерін дамыту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: Сұрақ – жауап, әңгімелеу, көрсету, ойын, бекіту.

Сөздік жұмыс: малақай, құлақшын.

Билингвальды компонент: Шуба – тон, шарф – мойынорағыш,сапоги – етік

Қолданатын көрнекі құралдар: суреттер, қысқы киім киген қуыршақ, желім, қайшы, ақ қағаз, мата түрлері.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Қыс мезгілі бейнеленген суреттер арқылы әңгіме құрау.	Балалардың қызығушылығын ояту.
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Достарды біз қолдаймыз, Қиын жақта қорғаймыз, Біздің топта ұл – қыздар, Тату – тәтті ойнаймыз. Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Тәрбиеші балалардың назарын тақтадағы қысқы киімдердің суретіне аудартады. - Балалар қыс мезгілінде біз қалай киінеміз? - Мына суреттегі балалардың үстіндегі киімдерді ата? - Балалар жыл мезгілінің қайсысына сай киінген? Олай болса балалар бүгінгі оқу іс – әрекетіміздің тақырыбы «Қысқы киімдер» - деп аталады. Балаларға киімдер бейнеленген суреттер таратылады. Мысалы: малақай – құлағы бар	Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды. Балалар жауап береді. Суретке назар аударады. Сұрақтарға жауап береді. Балалар киімдерге

	жылы бас киім, құлақшын. Сөздік жұмысын жүргізу Ыс – ыс – ыс келді қыс, Ақ – ақ – ақ біз тебеміз сырғанақ. Тәрбиеші балаларға әр түрлі мата түрлерін көрсетіп, таныстырады. Сол мата түрлерін пайдаланып, қысқы киімдерді жапсыруды тапсырады. - Ал, енді балалар осы мата түрлерін мен сендерге пішіп беремін, пішілген матаны, қайшымен қиып, шыққан қысқы киімді қағаз бетіне жапсырамыз. Сергіту сәті Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қолыңа қолғап кимесең, Суық өтер жан - жақтан. Балалардың қайшыны дұрыс ұстауына көмектеседі. Қиылған қысқы киімдерді ақ қағазға дұрыс жапсыруға бағыт – бағдар береді.	сипаттама береді. Бірге қосылып қайталайды. Пішілген маталарды қайшының көмегімен қиып, қағаз бетіне жапсырады. Қимыл іс – әрекетпен орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Дидактикалық ойын «Қуыршақты киіндір» - Біз бүгін немен таныстық? - Қысқы киімдерді кім айтады? - Не қиын болды?	Балалар қызыға ойнайды Балалардың жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуі керек.

Нені игерді: Дайын пішілген матаны қиып киім құрастыруды.

Нені біледі: Ойын арқылы қысқы киімдерді ажыратуды.

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы
Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Үйрек

Мақсаты:балаларды үйрекпен таныстыру, тұзды қамырды пайдалану арқылы

үйректі жасауды үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.

Әдіс – тәсілдер: көрсету, түсіндіру, бекіту.

Сөздік жұмыс: үйрек, тұзды қамыр.

Билингвальды компонент: үйрек – утка, үй құсы – домашняя птица.

Қолданатын көрнекі құралдар: тұзды қамыр, акварель бояуы, тақтайша, орамал.

Іс-әрекет кезеңдері:	Педагогтің іс-әрекеті:	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Алдын – ала суретпен жұмыс	Балалар зейін қойып көреді
Ұйымдастырушылық кезеңі	Шаттық шеңбері Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты күн бүгін! Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балаларды үй құстарымен таныстыру Үй құстарының аттарымен олардың пайдасын түсіндіру. Үй құстарының бірі үйрекпен ерекше таныстыру. Үйректің біз етін жейміз, оның беретін пайдасы көп. Енді көп үйректі тұзды қамырмен илеп мүсіндейміз. Жасалу ретін түсіндіріп айтады. 1. Қамырды алып үйректің бейнесін	Балалар іс – әрекетпен орындайды. Балалар жауап береді. Мұқият тыңдайды. Балалар жұмыс жасауға

	мүсіндейміз 2. Үйректің басын, көзін жасайды. 3. Үйректің мүсінін жасап, болғасын кептіріп акварель бояуымен үстін бояймыз. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз Қолды белге қоямыз Бір отырып, бір тұрып, Сәл тынығып аламыз. Тәрбиеші жұмыстарын қадағалап, бағыт бағдар беріп мүсіндеуді аяқтатады. Дидактикалық ойын: Не артық?	қызығушылықпен кіріседі. Қимыл іс – әрекетпен орындайды. Қызыға ойнайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Тәрбиеші балалардың жұмысына талдау жасайды. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастырылады. Балаларды мақтап, мадақтайды.	Жасалған жұмыстарын көрмеге қояды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Үй құстарын ажырата білу керек.

Нені игерді: Тұзды қамырмен жұмыс жасауды

Нені біледі: Ұқыпты жұмыс жасауды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Тасбақаның суретін салып үйренеміз

Мақсаты: «Тасбақа» туралы ертегі оқып беру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвалды компонент: тасбақа-черепаха

Сөздік жұмыс: тасбақа.

Көрнекіліктер: тасбақа бейнеленген суреттер.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Тасбақа» туралы ертегі оқып беру.	Балалардың қызығушылықтары оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: - Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу: Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Жұмбақ жасыру: Аяғы бар басы бар, Арқалаған тасы бар. (Тасбақа) -Тасбақа қайда өмір сүреді? -Не үшін тасбақа дейміз? Жарайсыңдар балалар. Тасбақа өте баяу жүреді және ол құрғақ, шөлді, сонымен қатар суда да мекендейді.	-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін. Қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Шешуін табу, есте сақтау. Тасбақаның суретін салуға кіріседі.

	Өзін қорғайтын кезде аяқ – қолын, басын жинап, бұғына қалады. - Демек, балалар тасбақаның суретін саламыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстыру. - Қоңыр немесе сұр түстерді қолданамыз. Сергіту сәті: Бақа, бақа балпақ, Басың неге жалпақ. Бұтың неге талтақ, Көзің неге тостақ, Темір телпек көп киіп Басым содан жалпақ. Су ішінде көп жүзіп , Бұтым содан талтақ. Көрінгенге көп қарап Көзім содан тостақ.	Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әр түрлі тәсілдерді пайдалана отырып тасбақаның бейнесін жасай алады;

Нені игерді: тасбақаның бейнесін ұқсатып жасауға дағдыланды;

Нені біледі: тасбақа туралы өлең – тақпақтарды жатқа біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Түймедағы

Мақсаты: Балаларға «түймедақ» гүлі туралы оның адам денсаулығын пайдасы туралы әңгімелеп беру. Бүктеу әдіс-тәсілдерін түсіндіру.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, жапсыру, бекіту.

Билингвалды компонент: түймедағы-ромашка

Сөздік жұмыс: түймедақ

Қолданылатын көрнекілік: түймедақ гүлі, дайын жұмыстың үлгісі, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, қолорамал.

Іс- әрекет Кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Қазақстанда өсетін гүлдер туралы әңгімелесу.	Балалардың зейіні артады.
Ұйымдастырушылық- ізденістік	Шаттық шеңберін құру. Табиғатқа қамқор боп, Байлығынбіз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. Табиғат күн тізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Гүлді әдемілік үшін өсіреді. Гүлдер бақшада, тауда, далада, бөлмеде өсіріледі. - Бөлме гүлдерін қалай күту керек, және оны кімдерге сыйлайды? -Түймедақ гүлі бақшада, тауда, далада өседі. Тауда және далада өсетін түймедақ гүлі жабайы түріне жатады. Ал бақшада өсетін түймедақ гүлі жабайы түймедақ гүлінен айырмашылығы өте көп.	Балалар дөңгелене тұрып өлең жолдарын қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Гүлдер туралы әңгімелейді.

	Енді осы гүлді бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен танысайық. Жапырақтар мен гүл күлтелеріне арналғандайындамаларды қабаттап бүктеу. Қарындашпен жапырақтар мен гүл күлтелерінің суретін салу. Бөлшектерді белгі бойымен қию. Гүлдің ортасын қиып алып тіліктер жасау. Тіліктерді ұқыппен шашақтау. Гүл күлтелері мен жапырақтарының ұшын қарындаштың көмегімен сәл иіп көтеру. Негізгі қағаз бетіне бөлшектерді үйлестіріп орналастыру. Барлық бөлшектерді ретімен жапсыру. Жұмыстың орындалуын, әр баланың өз міндетін дұрыс атқаруын қадағалау. Сергіту сәті: Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз, Кейде оны жұлуға да қимаймыз. Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде, Шын жүректен аналарға сыйлаймыз.	Жұмыстың орындалу ретімен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс-әрекетін қортындылау. Дайын жұмысты бөлме қабырғасына іліп қоюға немесе сыйлауға болады.	Балалар жасаған жұмыстарын керегеге іліп қояды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көлемді түймедақ гүлін жасау тәсілімен танысты.

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерімен таныстыру.

Нені біледі: гүлдер туралы өлең, тақпақтарды жатқа айтады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Қаздың балапаны

Мақсаты: 1. Үй құстары туралы өлеңдер жаттау.

2. Қаздың балапаны туралы әңгіме айту.

3. Балаларды ине-жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, бекіту.

Билингвалды компонент: қаз-гусь, балапан-цыпленок

Сөздік жұмыс: қаздың балапаны

Көрнекіліктер: әңгіме желісі туралы сурет.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың зейіні оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	1.Шаттық шеңбері: Біздің топта үд қыздар, Тату тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар балаға, Тек жақсылық тілейміз. 1.Кіріспе әңгіме Үй құстарына тауық, үйрек, қаз, күркетауық жатады. Олардың адам баласына тигізер пайдасы мол. Мамығынан көрпе, жастық жасайды, етін, жұмыртқасын азық-түлік ретінде пайдаланамыз. Құстардың балапандары әр түрлі болады. 2. Сұрақтар мен тапсырмалар: 3. Үй құстарын ата. 4. Мына құстардың суретінен үй құстарын табыңдар. Қолдарындағы ақ түсті матадан қаздың балапанын өлшейміз, сосын қайшымен ұқыптап қиып	Өлең жолдарымен қимыл әрекет жасайды. Тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды, сұрақтар қояды. Үй құстары туралы әңгімелейді. Тапсырмаларды орныдайды. Жұмыстың орындалу ретін

	аламыз да оны ине-жіппен тігеміз. Инемен жұмыс жасағанда өте мұқият болыңдар. Ине бір жерлеріңе кіріп кетуі мүмкін. Алдымен үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Сырға, сырға сырғалар, Құлағыңда ырғалар Оң қолымда білезік Сол қолымда білезік Қолға қалам аламын. Әдемі сурет саламын. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	мұқият тыңдайды. Сергіту сәтін қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Жасалған жұмыстарға тәрбиеші балаларды қатыстырып, талдау жұмысын жүргізеді.	Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже: үй құстарының пайдасы туралы түсініктерін жетілдіру;

Нені білу керек: қаздың балапан

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы қаздың балапанын жасауды;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Құстар

Мақсаты: Балаларға «Құстар» туралы ертегі әңгімелер оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру, бекіту.

Билингвалды компонент: құстар-птицы

Көрнекіліктер: құстар бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. - Өз жерімізде қандай құстар кездеседі? - Қандай құстардың түрлерін білесіңдер? Олар табиғатты неден қорғайды? Өте дұрыс айттыңдар. Құстар да табиғаттың бір бөлігі. Құстардың дене құрылысына сипаттама берейік. - Қане, құстар туралы қайсың өлең білесіңдер. Бүгін біз құстардың суретін саламыз. Жұмыс дәптеріндегі құстардың суретін салу ретін	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың Жауаптары тыңдалады. Білетін өлеңдерін айтады.

	таныстырып өтейін. Дөңгелек және сопақша пішіндердің көмегімен сурет салу тәсілін еске түсіру. Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз. Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз. Қанатын сопақша пішінде келтіреміз. Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз. Құстың суретін бояймыз. Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады. Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек. Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз. Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз. Қанатын сопақша пішінде келтіреміз. Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз. Құстың суретін бояймыз. Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады. Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек. Сергіту сәті: Қане қанат қағайық, қарлығаш	Құстардың суретін салу ретімен танысады.
--	---	---

	боп ұшайық, Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық. Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық, Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық.	Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: құстарды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: құстар туралы жұмбақтар, өлеңдерді жатқа біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Гүлдер әлемі

Мақсаты: Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау.

Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты

түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Билингвалды компонент: гүлдер-цветы

Сөздік жұмыс: бәйшешек, қызғалдақ, қыр.

Көрнекіліктер: көктемнің алғашқы гүлдері салынған сурет, акварель бояулар, қарындаштар, су, қылқалам, қолорамал.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Жаңбыр, жаңбыр жауасың, Жанымызға дауасың. Біз ойнайтын ауланың Тазартасың ауасын. Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Өзі сондай нәзік Су құйсаң кетеді, Алақанын жазып. (Гүл) Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады. - Гүлдер қайда өседі? Дұрыс айтасыңдар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз. - Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсыңдар? - Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.	Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды. Шешуін табу, есте сақтау -Далада, тауда, қырда. -Қыр гүлі, дала және тау гүлі деп атаймыз.

	Суретке назар аудару. - Суреттен не көріп тұрсыңдар? - Мына гүлдердің аттары қандай? -Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады. Мен сендерге суреттің салу реттілігін түсіндіріп өтейін. -Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам.	-Гүлдер -Қызғалдақ, бәйшешек. . Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытынды: Балалардан салған суреттерін бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы салынған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау. Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.	.Балалар салған суреттеріне талдау жасайды, жақсы салынған суреттерді тақтаға үлгі ретінде іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;

Нені игерді: гүлдердің әдемілігіне қарай олардың иістері де хош иісті болып келетінін түсінді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Жайлауда

Мақсаты: Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әр түрлі заттардан бейнелеп жасау.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: жайлау-джайлау

Сөздік жұмыс: шалғын

Көрнекіліктер: жайлау бейнеленген сурет.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жұмбақ: Күндер ысып, шөп пісіп, Ел пішенін орады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Жазда) Жаз мезгілі ең қызықты кезең. Жазда күн ыстық болады. Балалар жазғы демалысқа шығады, суға	Өлең жолдарымен кимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Шешуін табу, есте сақтау.

	шомылып, демалатын орындарға барады, кейбір балалар жайлауға ата-әжелеріне барады. Жайлаудың шөбі шалғын, ауасы өте таза және салқын болады. Бүгін жайлауды қол еңбегі арқылы әртүрлі табиғи және керексіз және түрлі түсті картонмен бейнелеп жасаймыз. Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтемін, мұқият тыңдаңдар. Сергіту сәті: Жаз келіпті дегенше, Алма пісті дегейсің. Бағымызда ендеше Алма тарту көбейсін. Жаз келіпті дегенше, Қарбыз пісті дегейсің, Бақшамызда ендеше Қарбыз жинау көбейсін. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Балалар жұмысқа кірісіп кетеді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жайлауды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Шалғын шөптер

Мақсаты: Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: шөп-трава

Сөздік жұмыс: шалғын

Көрнекіліктер: шалғын шөп бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Балалар келіндер терезенің тұсына, айналаға көз жүгіртіндерші. Айнала жап-жасыл шалғын шөптерімен жайқалып тұр. Шалғын шөптердің пайдасы жерден шаң көтерілгенде өздеріне шаңды жұтып, ауаны	Өлең жолдарымен кимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Балалар терезеден қарап, айналаға көз жүгіртеді.

	тазартып тұрады. Қане, балалар енді біз «Шалғын шөптердің» суретін саламыз. Шөпті ақ қағазға жасыл түсті қағаздан жұлмалау әдісі арқылы желіммен жапсырамыз. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен болып өседі. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Жасыл түсті қағазды жырту әдісі арқылы ақ қағазға шалған шөптің бейнесін жапсырамыз. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: шалғын шөпті бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Алқаптағы гүлдер

Мақсаты: «Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсыру.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Билингвалды компонент: алқап-поляна

Сөздік жұмыс: бәйшешек, қызғалдақ, қыр.

Көрнекіліктер: көктемнің алғашқы гүлдері жапсырылған суреттер.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау	Балалардың қызығушылығы оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбері: Жаңбыр, жаңбыр жауасың, Жанымызға дауасың. Біз ойнайтын ауланың Тазартасың ауасын. Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр. Өзі сондай нәзік Су құйсаң кетеді, Алақанын жазып. (Гүл) Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады. - Гүлдер қайда өседі? Дұрыс айтасындар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз. - Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсындар? - Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды. Суретке назар аудару.	Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды. Шешуін табу, есте сақтау -Далада, тауда, қырда. -Қыр гүлі, дала және тау гүлі деп атаймыз.

	- Суреттен не көріп тұрсындар? - Мына гүлдердің аттары қандай? -Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Демек біз алдымыздағы кеуіп тұрған гүлдерді ақ қағазға жапсырамыз. Міне, алқаптағы гүлдер де жапсырылып дайын болды.	-Гүлдер -Қызғалдақ, бәйшешек. . Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	Қорытынды: Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы жапсырылған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау. Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.	.Балалар салған суреттеріне талдау жасайды, жақсы салынған суреттерді тақтаға үлгі ретінде іледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;

Нені игерді: кептірілген гүлдерден жұмыс жасауды;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Өнерлі екен он саусақ

Тақырыбы: Жаңбыр

Мақсаты: Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балаларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. «Жаңбырдың» суретін саусақ арқылы салу.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: жаңбыр-дождь

Көрнекіліктер: жаңбыр бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.	Балалардың қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Шаттық шеңбер: Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті де, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Жылдың үш мезгілінде де жаңбыр жауады. Өздеріңде білесіңдер көктем мен күзде жаңбыр жиі-жиі жауады. Жаңбырдың мынандай түрлері болады, ақжауын, нөсер	Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді. Балалардың жауаптары тыңдалады.

	жауын, өткінші жауын. Ақжауын тоқтаусыз жауатын жаңбыр. Нөсер жауын құйып жауады. Өткінші жауын күн шығып тұрады, соның өзінде жауын жауып өтеді. Бүгін біз жаңбыр тамшысының суретін көк түсті гуашь бояуымен саламыз. Ең алдымен бояуға саусағымызды малып, қағаз бетіне бастырамыз. Сергіту сәті: Боран соқты гу-гу, Найзағай жарқылдады топ-топ, Жаңбыр жауды тырс-тырс, Күн ашылды. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.	Жаңбырдың суретін салу ретімен танысады. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.	Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жаңбырды бейнелеп салуды біледі;

Нені игерді: сюжетті композиция құрастыруды игерді;

Нені біледі: жаңбыр туралы жұмбақтар, өлеңдерді жатқа біледі.